Найзағай соққысы кезінде ұшқынды аралық арқансымға көтеріледі және найзағайдан қорғаныстық арқансымның жұмыс шарты оның тікелей жерлендіргендегідей болады. Арқансымды бекіту кезінде оқшауламаның болуы тіректерді жерлендіру кедергісін өлшеуді жеңілдетеді. Арқансымды ағаш тіректерде бекіту және оны жерлендіруші түсірмесымға қосылуы 6.1, г суретте көрсетілген. Арқансымдар арасындағы мойнақ жерлендіру жұмыс шартын жеңілдетеді.

Арқансымдардың асылғылары тиімді болу үшін тіректер мен аралықтағы тіректердегі желі сымдары арасындағы қашықтықты сақтау керек. Тіректердегі арқансымдар мен тіректер арасындағы қашықтық тіректегі арқансымның максималды қорғаныс бұрышымен анықталады. Арқансымның қорғаныс бұрышы – бұл арқансым арқылы өтетін вертикаль жазықтық арасындағы бұрыш. Қорғаныс бұрышы желінің құрылымына және тіректегі арқансымдардың санына қарай 20-30° аспау керее. Түтікше разрядтауыш найзағайлы зақымданудан қорғайды. Әлсіз оқшаулама орындары болып ағаш тіректердің желілеріндегі найзағайдан қорғаныстық арқансымы жоқ жеке металл тіректер, транспозициялы тіректер болып табылады.

РТФ 110/0,8—5 маркасының түтікше разрядтауышы (6.2 сурет) бір жағынан жабық 4 және 6 фибробакелитті түтікшеден тұрады. Түтікшенің ішінде жабық жағынан металл оқтауша 3 орнатылған. Ашық жағында қысқа металл түтікше немесе 2 шайба жиынтығы болады, олар 3 оқтаушамен бірге разрядтауыштың ішкі аралығын қалыптастырады. Разрядтауышты жабық жағымен сенімді жерлендіріген арнайы 5 лапаның көмегімен тірекке бекітіледі. Металл оқтауша 1 сыртқы ұшқынды аралықтың электртарының бірі болып табылады. Екінші электрод ретінде арнайы мүйіз немес сымдағы


арматура қызмет етеді [13].



11.2 сурет – РТФ 110/0,8—5 марксының түтікшелі фибробакелитті разрядтауыш

11.2 Найзағай арқансымының маркасын таңдау

220 кВ номиналды кернеуге тұрғызылатын ӘЖ жолы IV көктайғақты және III желді аудандарға жататын елді мекен бойынша өтеді. Желдің максималды жылдамдықты ағыны III ауданда жердің бетінен 15 м дейінгі биіктікте 500 Н/м^2 қабылдайды, ал IV ауданда жер бетіндегі 10 м биіктік үшін көктайғақ қалыңдығы 20 мм құрайды [14]. Біріңғайландырылған екі тізбекті тіректерде АССR-TW 477-Т16 18/7 маркасының сымдары монтаждалады.



11.3 сурет – П220-2 түріндегі аралық екі тізбекті металл тірек

Номиналды қимасы $70\,мм^2$ ТК – 11 маркасының болат сымдары үшін аралық тіректегі сымдар үшін қорғаныс бұрышын және олардың атмосфералық асқын кернеулерден ӘЖ қорғау бойынша ЭҚЕ талаптарына сәйкестігін анықтау; найзағайлы разрядтардың бұзылуын жою үшін қажет арқансымның созуылуын есептеу; сонымен қатар арқансымды механикалық беріктікке тексеру. Тірек түрі П220-2 (6.3 сурет).

Аралық еркін тұратын екі тізбекті болат тіректің биіктігі 5,5 м. Найзағайдан қорғаныстық арқансымдар тіректің тіреулеріне активті қуаттың қосымша шығындарын болдырмау мақсатында ұшқынды аралықтармен шунтталған жеке оқшауламалардың көмегімен бекітіледі. Тіректі бекіту оқшауламасының, қысқыштың және түйіннің биіктігі λ_m=0,44 $м$. Оқшауламалар тіркесі сымдарының биіктігі 2,3 $м$ кезінде сымдардың қорғаныс бұрышы тіректегі үстіңгі травеса.

$$\alpha_{вп} = \text{arctg}\frac{3{,}5}{5{,}5 + 2{,}3 - 0{,}44} = 25{,}42^{o} \le 30^{o}$$

Ортаншы фаза сымдарының қорғаныс бұрышы:

$$\alpha_{са} = \text{arctg}\frac{6{,}4}{(6{,}5 + 5{,}5) + 2{,}3 - 0{,}44} = 24{,}8^{o} \le 30^{o}$$

ТК-11 маркасының қимасы $70\,мм^2$ арқансымды есептеуге бастапқы мәндер: көлденең қимасының нақты ауданы $72{,}58\,мм^2$, салмағы $623\,кг/км$ $(\gamma_{1т} = 0{,}0842\ \text{Н}/(\text{м}\cdot\text{мм}^2))$; $\alpha_т = 12\cdot10^{-6}\ 1/^{o}\text{С}$, $\text{Е}_т = 200\cdot10^3\ \text{Н}/\text{мм}^2$.

ӘЖ жолдарының өтуіне берілген климаттық шарттар үшін (III желді және IV көктайғақты аудандар) арқансымның ең үлкен меншікті жүктемесі $\gamma_{ибт}$=0,530 $Н/(м\cdot мм^2)$.температураның сипаттық мәндері $\theta_{(+)} = +35°\text{С}$; $\theta_г = -5°\text{С}_г$; $\theta_{(-)} = -25°\text{С}$; $\theta_{сг} = +10°\text{С}$; $\theta_а = +15°\text{С}$ құрайды (атмосфералы асқын кернеудің климаттық шарттарының температурасы). Арқансым ұшін рұқсат етілген кернеу ЭҚЕ мөлшерленеді

$$[\sigma_т]_{нб} = [\sigma_т]_{(-)} = 600\text{Н}/\text{мм}^2;\ [\sigma_т]_{сэ} = 480\ \text{Н}/\text{мм}^2$$

Арқансымды есептеу сымды есептеумен бірге жүргізіледі. Бұл тарсырмада ӘЖ габаритті аралығы 374 $м$. Келтірілген аралық үшін орташалап $0{,}9l_{габ}$ құрайды:

$$\text{l}_{прв} = 0{,}9\cdot374 = 337\ \text{м}$$

Температура $\theta_а = +15°\text{С}$ кезінде сымның салбырау бойын теңдеу

бойынша есептейміз, келтірілген аралық үшін біріктірілген формада жазылады:

$$f_{па}^3 + 0{,}375(A \cdot l_{прв}^2 / E) f_{па} - \frac{3}{64} \cdot \frac{\gamma_{6а} \cdot l_{прв}^4}{E} = 0 \qquad (11.1)$$

мұнда

$$A = [\sigma]_{нб} - \frac{\gamma_{6а} \cdot l_{прв}^2 \cdot E}{24 \cdot [\sigma]_{нб}^2} + \alpha E(\theta_г - \theta_а) \qquad (11.2)$$

Мұнда меншікті жүктеме $\gamma_{6а} = \sqrt{\gamma_{1п}^2 + \gamma_{4а}^2}$, яғни $\gamma_{4а}$ жылдамдықты ағынға $Q_а \geq 0{,}1Q_н$ сәйкес, ЭҚЕ $Q_а$ 62,5 $0{,}1Q_а = 62{,}5$ Н/м^2 кем алуға болмайды деп тағайындалады. Демек келесідей болады: $0{,}1Q_а = 0{,}1 \cdot 500 = 50 \leq 62{,}5$ Н/м^2. Сондықтан $Q_а = 62{,}5$ Н/м^2 қабылдаймыз. Меншікті жүктемені $\gamma_{4а}$ қайта есептеу жолымен табуға болады:

$$\gamma_{4а} = \gamma_4 \frac{\alpha_а Q_а}{\alpha_н Q_н} = 0{,}03755 \frac{1 \cdot 62{,}5}{0{,}768 \cdot 500} = 0{,}006112 \text{ Н/(м} \cdot \text{мм}^2\text{)}$$

$$\gamma_{6а} = \sqrt{0{,}03634^2 + 0{,}006112^2} = 0{,}03685 \text{ Н/(м} \cdot \text{мм}^2\text{)}$$

Сымның тік жазықтықтан ауытқу бұрышы:

$$\beta = \text{arctg}(0{,}006112 / 0{,}03634) = 9{,}55^o$$

Теңдеу коэффициентін табамыз:

$$A = 149 - \left(\frac{0{,}1049 \cdot 337}{149} \right)^2 \frac{89 \cdot 10^3}{24} + 1{,}629(-5 - 15) = -92{,}32$$

$$p = 0{,}375 \frac{(-92{,}32)337^2}{89 \cdot 10^3} = -44{,}18 \leq 0$$

$$q = \frac{3}{64} \cdot \frac{0{,}03685 \cdot 337^4}{89 \cdot 10^3} = 250{,}32$$

Салбырау бойы үшін теңдеу келесідей болады:

$$f_{па}^3 - 44{,}18 f_{па} - 250{,}32 = 0$$

Шешімді Ньютон әдісімен табамыз, бірінші жуықтау ретінде рұқсат етілген (габаритті) салбырау бұрышын аламыз [f]= 12,2 $м$.

$$f_{(k+1)} = \frac{2}{3} \cdot \frac{f_k^3 + q/2}{f_k^2 + p/3} = \frac{2}{3} \cdot \frac{12{,}2^3 + 125{,}16}{12{,}2^2 - 14{,}73} = 9{,}65 \text{ м}$$

Екі итерациядан кейін соңғы жауапты аламыз: $f_{па} = 8{,}57 \ м$. Сонымен бірге сымның төменгі нүктесіндегі кернеу:

$$\sigma_{па} = \frac{\gamma_{6а} l_{прв}^2}{8 f_{па}} = \frac{0{,}03685 \cdot 337^2}{8 \cdot 8{,}57} = 61 \text{ Н/мм}^2$$

Аралық тіректердің салмақ түсіру қабілетіне қарай анкерлі аумақтың аралық ұзындығы $1{,}25 l_{габ}$ жетеді. Бойлық пішінін және тіректердің орналасуын білмей, мұндай ұзындықтың аралығы $l_{габ} = 1{,}25 \cdot 374 = 468 \ м$. Бұндай аралықта сымның салбырау бойы

$$f_{па\ max} = f_{па} \left(\frac{l_{max}}{l_{прв}} \right)^2 = 8{,}57 \left(\frac{468}{337} \right)^2 = 16{,}53 \text{ м}$$

оның вертикаль кескіні

$$f^{в}_{па\ max} = f_{па\ max} \cos\beta = 16{,}53 \cos 9{,}55^{o} = 16{,}3 \text{ м}$$

Арқансым және сым арасындағы аралықтың ортасында вертикаль бойынша қашықтық ЭҚЕ мөлшерінен аз болмау керек (2.5.67).


1000 м аспайтын аралықтың ұзындығы үшін бұл қашықтық эмиприкалық формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$C_{И} = 4 + 0{,}015(l_{max} - 200) = 4 + 0{,}015(468 - 200) = 8{,}02 \text{ м}$$

Сонда арқансымның салбырау бойы (6.4 сурет)

$$f_{та} = f^{в}_{па} + \lambda_{па} + h_{тр} - \lambda_{т} - C_{и} = 16{,}3 + 2{,}3 + 5{,}5 - 0{,}44 - 8{,}02 = 15{,}64 \text{ м}$$

Яғни, сымның салбырау бұрышынан аспайды $f^{в}_{па} = 16{,}3$ м. Олардың айырмашылығы 0,66 $м$.



1 – найзағай арқансымы, 2 – жайратқыш, 3 – оқшауламалар, 4 – тірек

11.4 сурет – Найзағайдан қорғаныстық арқансымның салбырау бойын анықтау

Арқансымды қорғаныстың бұзылуын найзағайлы разрядтармен жою шарты бойынша 450-500 м деңгейіндегі аралықтың ұзындығы кезінде $f^{в}_{па} - f_{та} \approx 1{,}5\ м$ айырмашылықты қамтамасыз ету ұсынылады.

Сондықтан $f_{та} - f^{в}_{па} - 1{,}5 = 14{,}8$ м қабылдаймыз, ал C қашықтық артады, бұл арқансымнан сымға жабуды толық жояды.

$$C = (f^{в}_{па} - f_{та}) + \lambda_{п} - \lambda_{т} + h_{тр} = 1{,}5 + 2{,}3 - 0{,}44 + 5{,}5 = 8{,}86\ \text{м}$$

Сонымен бірге аралықтың ортасындағы арқансымның қорғаныс бұрышы, арқансымның және үстіңгі сымның желмен ауытқымаған жағдайында $\alpha_{ср} = \text{arctg}\dfrac{3{,}5}{8{,}86} = 21{,}6^{o}$, чгни тірекке қарағанда аз болады, бұл сымдарды ұзындығы үлкен аралықта тиімді қорғау үшін қажет.

Енді $f_{та} = 14{,}8\ м$ қамтамассыз ететін арқансымдағы кернеуді табу керек.

Оқшауланған асылғылары бар арқансымдарды бекіту нүктелерінің ауытқу мүмкіндігінен келтіріген аралықтың ұзындығын пайдаланады:

$$\sigma_{та} = \frac{\gamma_{6а} l^{2}_{прв}}{8 f_{та}} \qquad (11.3)$$

Мұнда, сымдар үшін,

$$\gamma_{6а} = \sqrt{\gamma^{2}_{1т} + \gamma^{2}_{4а}} = \sqrt{0{,}0842^{2} + 0{,}018^{2}} = 0{,}0861\ \text{Н}/(\text{м}\cdot\text{мм}^{2})$$

мұнда:

$$\gamma_{4а} = \alpha_а C_х k_Q^h Q_а (d_т / s_т) \cdot 10^{-3} = 1 \cdot 1{,}2 \cdot 1{,}584 \cdot 62{,}5 \frac{11}{72{,}58} \cdot 10^{-3} = 0{,}018 \ \text{Н}/(\text{м} \cdot \text{мм}^2)$$

Келтіріген аралыққа сәйкес келетін арқансымның салбырау бойын қайта есептеумен анықтаймыз:

$$f_{та} = f_{та\ max} (l_{прв} / l_{max})^2 = 14{,}8(337/468)^2 = 7{,}67 \ \text{м}$$

Атмосфералы асқын кернеудің климаттық шарттары кезінде арқансымдағы кернеу

$$\sigma_{та} = \frac{0{,}0861 \cdot 337^2}{8 \cdot 7{,}67} = 159{,}4 \ \text{Н}/\text{мм}^2$$

Атмосфералы асқын кернеу шарттарында арқансымдағы кернеуді біліп, арқансымның механикалық беріктігін ауыр шарттарда: орташа пайдалану шарттарында және көктайғақты жүктеме жоғары кезде тексеру қалады. Болат арқансым манометаллды сым болғандықтан төменгі темературa қаупі болмайды, демек бұл режим қарастырылмайды.

Үшінші критикалық аралықтың ұзындығын табу жеткілікті және қажет. Жеңілдетілген формуланы қолданамыз, қимасы 50 $мм^2$ ТК маркасының болат сымдары үшін:

$$l_{кр3} = 121 \sqrt{\frac{75 + (\theta_г - \theta_{сг})}{(\gamma_{ибт} / \gamma_{1т})^2 - 2{,}041}} = 121 \sqrt{\frac{75 + (-5 - 10)}{(0{,}53/0{,}0842)^2 - 2{,}041}} = 153 \ \text{м}$$

$\sigma_{т\ сэ} = f(l)$ тәуелдікті құру тұрғызу үшін, $l_{кр2}$ есептейміз:

$$l_{кр2} = \frac{4{,}9 \cdot 600}{0{,}0842} \sqrt{\frac{600 - 600 + 12 \cdot 10^{-6} \cdot 200 \cdot 10^{-3} \cdot (-5 - (-25))}{[(0{,}53/0{,}0842)^2 - 1] \cdot 200 \cdot 10^3}} = 87 \ \text{м}$$


$l \to 0$ кезінде пайдалану кернеуінің келесі орта мәнін аламыз:

$$\sigma_{т\ сэ}^{(1)} = [\sigma_т]_{нб} + \alpha_т E_т (\theta_г - \theta_{сг}) = 600 + 2{,}4(-5 - 10) = 564 \ \text{Н}/\text{мм}^2$$

$$\sigma_{т\ сэ}^{(2)} = [\sigma_т]_{(-)} + \alpha_т E_т (\theta_{(-)} - \theta_{сг}) = 600 + 2{,}4(-25 - 10) = 516 \ \text{Н}/\text{мм}^2$$

Егер $l \to \infty$, онда $\sigma_{т\ сэ}^{(3)} = [\sigma_т]_{нб} \frac{\gamma_{1т}}{\gamma_{ибт}} = 600 \frac{0{,}0842}{0{,}530} = 95{,}3 \ \text{Н}/\text{мм}^2$

Орташа пайдалану шарттары кезіндегі арқансымдағы кернеудің өзгеруінің графикалық тәуелділігі 6.3 суретте келтірілген.



11.5 сурет – ТК-11 маркасының найзағайдан қорғаныстық арқансымын механикалық беріктікке есептеу үшін анықтаушы климаттық шарттарды таңдау

$l_{прв} \geq l_{крз}$ болғандықтан, тексеру $\gamma_{иб}$ режимінде жүргізілу керек.

Арқансым үшін теңдеуді шешеміз және құраймыз. Бастапқы шарттар $\theta_а$, $\sigma_{та}$, $\gamma_{6а}$. Ізделетін шарттар $\gamma_{иб\,т} = 0{,}53\ \text{Н}/(\text{м}\cdot\text{мм}^2)$; $\theta_г = -5^{\circ}\text{C}$.

Сонымен,

$$\sigma_{т\,нб} - \frac{\gamma_{иб\,т}^2 l_{прв}^2 E_т}{24\sigma_{т\,нб}^2} = \sigma_{та} - \frac{\gamma_{6а}^2 l_{прв}^2 E_т}{24\sigma_{та}^2} + \alpha_т E_т(\theta_а - \theta_г); \qquad (11.4)$$

$$\sigma_{т\,нб} - \frac{(0{,}53\cdot 337)^2 200\cdot 10^3}{24\sigma_{т\,иб}^2} = 159{,}4 - \left(\frac{0{,}0861\cdot 337}{159{,}4}\right)^2 \cdot \frac{200\cdot 10^3}{24} + 2{,}4(15-(-5));$$

$$\sigma_{т\,нб}^3 + 68{,}73\sigma_{т\,нб}^2 - 2{,}65846\cdot 10^8 = 0.$$

Теңдеуді Ньютон әдісімен шешеміз, $\sigma_{т\,иб(0)} = [\sigma_т]_{иб} = 600\ \text{Н}/\text{мм}^2$

$$\sigma_{т\,иб(1)} = \frac{600^2(2\cdot 600 + 68{,}73) + 2{,}65846\cdot 10^8}{600(3\cdot 600 + 2\cdot 68{,}73)} = 621{,}6\ \text{Н}/\text{мм}^2.$$

Келесі итерациялар нақты нәтиже береді:

$$\sigma_{\text{т нб}} = 620{,}9 \ \text{Н}/\text{мм}^2 .$$

Арқансымдағы кернеу жоғары көктайғақты жүктеменің әсерінен рұқсат етілген мәнді 3,48 % асады. Бұл нәтиже ТК-11 маркасы арқансымдарын келесі қимасы үлкен ТК-12 арқансымдарына ауыстыру қажеттігін білдіреді. Жаңа марканың арқансымының номиналды қимасы 85 $мм^2$ және нақты қимасы 86,34 $мм^2$. Оның механикалық беріктігі берілген сыртқы жүктемелер үшін тексерілу керек.

Қосымша есептеудің аралық нәтижелерін түсіріп, ТК-12 маркасының арқансымдары үшін ең үлкен меншікті жүктеме 0,457 $Н/(м \cdot мм^2)$ құрайды, ал атмосфералы асқын кернеудің климаттық шарттарындағы менншікті жүктеме - 0,0858 $Н/(м \cdot мм^2)$, және осы шарттарға сәйкес кернеу 158,8 $Н/мм^2$. Арқансым жағдайының жаңа теңдеуін шешіп, ең үлкен көктайғақты жүктеме кезіндегі кернеу 560,4 $Н/мм^2$ аламыз. Демек, ТК-12 маркасы арқансымдарының механикалық беріктігі қамтамасыз етілген [15].

12 Экономикалық бөлім

12.1 Өндіру жобасы

Қарастырылып отырған энергообъектілер құрылысымен қолданылуы өзіндік ұйымдар мен потенциалды қаржы салушылардың капиталын жалдау көмегімен жүзеге асырылады. Қосынды инвестициялардың қаржыландыру құрылысы ЭЖЖ-ны қолданысқа алғаннан кейін екінші жылдан бастап бес жыл аралығында тең көлемде өтеледі. Несие үшін пайыздарды төлеу сұлбасы ЭЖЖ-ны қолданудың бірінші жылынан бастап жылдық есептен 10 % деп алынады.

Есептелудің негізгі мақсаты жобаның экономикалық эффективтілігін анықтау, оның ішінде жобаның инвестициялық қабылдаушылық есебі, қаржылық қолайлығы, қаржының рентабельділігі, пайда нормасы, сонымен қатар салынатын электр жеткізу желілерінің өзін өтеу мерзімі.

Электр жүйелік нысандарға қолданылатын өндірістік жұмыстардың бағалауы желіге қосымша түсетін электр энергиясының сатылуынан құрылады. Нәтиженің құндық бағалануы үшін нақты қолданыстағы бағалар мен тарифтер қолданылады. Тарифті берілетін электр энергиясының өздік құнынан қабылдаймыз. Тариф мәні беріліске кететін шығындарды және берілген электр электр энергиясы көлемін анықтағаннан кейін табылады.

Электр тораптарды орналастыру ауданындағы экологиялық жағдай санитарлық нормалар шегінде тағайындалған. ЭЖЖ-ның құрылысы ауданның экологиялық жағдайының нашарлауына әкелмейді.

12.2 Сату нарығын талдау

Табылған жеткіліксіздіктерге қарастырылып отырған тұтынушыларды энергиямен жабдықтауға байланысты жүйеаралық байланысты құру – жүйеде қосымша электр энергиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжанады.

Экономикалық және қаржылық тиімділіктері көрсеткіштерін анықтау үшін есептік мерзім 10 жыл деп алынған. Есептік мерзімге энергообъект құрылыс уақыты, уақытша қолдану мерзімі және қолданудың қалыпты режимінен қосалқы станциялар мен оған кіретін тораптары негізгі энергетикалық құрылғыларының қызмет көрсетуі мерзімнің бітуіне дейінгі жылдары кіреді.

Қаржы – экономикалық есептердегі тұтынушыларға берілетін энергетикалық өнімге байланысты барлық бағалық көрсеткіштер млн. теңгеде алынған.

12.3 Ұйымдастырмалық жоба

Тұтынушылардың сенімді және сапалы электр жабықтау көбінесе, энергообъектілер мен энергожүйелердің диспетчерлік пунктерін диспетчерлік және технологиялық құралдармен, олар:

- диспетчерлік бақылау мен мәліметтерді жинау жүйесінен (SCADA);
- электр энергияны коммерциялық есептеу жүйесінен (ЭББАЖ);
- сенімді диспетчерлік және технологиялық каналдарды, сонымен қатар диспетчерлік басқару құрылысына сай мәліметтерді беру каналдарын ұйымдастыратын телекоммуникационды желімен қамтамасыз етуіне байланысты болады.

Диспетчерлік – технологиялық құралдың даму болашағын ескере отырып, энергообъектілермен икемді және шапшаң басқару қажеттілігі диспетчерлік бақылау мен SCADA басқару жүйе ұйымдастыруы жұмыста қарастырылған.

Жүйенің конфигурациясы мен оның функционалды мүмкіндіктерін қажетті ақпаратпен және нақты уақыт режимінде жабдықпен басқаруды ұйымдастыруды дипетчерлік пунктіге сәйкес келетін диспетчерлер қамтамасыз етулері керек. Бұл өз кезегінде анализ уақыты мен апаттық оқиғаларды жою уақытын мүмкіндігінше қысқартады, басқару сапасын көтереді.

Жүйе жоғарғы және төменгі деңгейлерден тұратын иерархиялы құрылымға ие.

Төменгі деңгейде телеақпараттың жиналуы мен берілуі 100 кВ, 35 кВ қосалқы станцияларда орналастырылған (RTU) котроллер көмегімен жүзеге асады. Жиналған RTU ақпараты қосалқы станциядан АЭЖ ДП-не сәйкес SCADA серверіне беріледі.

Қосалқы станциядан ДП-не «Электр және жылу энергияларымен қолдану ережесі» мен «Энергожүйелерде ақпарат көлемін таңдау, жинау жүйесі мен ақпарат тарату жобасы қаулысымен басқару» сәйкес келесі ақпарат көлемін тарату қажет:

- апатты – ескеретін сигнализация;
- негізгі коммутациялық жабдық жайының телесигнализациясы;
- негізгі коммутациялық жабдықпен телебасқару;
- шина секциясындағы кернеу телеөлшеуі;
- қоректенуші фидер жүктеме телеөлшеуі;
- алыстаған ауа желісінің активті және реактивті қуаттарының ағын телеөлшеуі.

SCADA кешенімен жабдықталған пунктерде телеақпаратты жинау мен қабылдау үшін қажеттілер:

- ақпаратты тарату және байланыс каналдарының сенімділігін ұйымдастыру;
- объектілерден ДП-ғы ақпараттың берілуін көрсету;

- SCADA ОДП кешенімен және ДП ПЭС арасындағы ортақ келісілген протокол бойынша ақпараттар алмасу.

- SCADA ОДП кешенімен Солтүстік ААЭЖ АҚ «KEGOC» РДЦ арасындағы ортақ келісілген протокол бойынша ақпараттар алмасу.

Электр энергиясының құрылып жатқан коммерциялық есебі электр энергияны өндіру, тарату, жеткізу және тұтыну барысында шыншыл және уақтылы есеп туралы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ПаӘЖодар облысының техника және қаржы сферасында энергонарығының субъектілерінің қарым – қатынасын реттейді.

Жүйенің құрылуын міндетті түрде төменде көрсетілгендермен сәйкес орындау қажет:

- №313 2001ж. 24 желтоқсаннан ЭжМРМ бұйрығымен қабылданған «Қазақстан Республикасының электр желілері ережелерімен»;

- 24.01.05 жылдан №10 ҚР-ның энергетика және минералды ресурстар министрінің бұйрығымен қабылданған «Электр энергиясын қолдану ережелерімен»;

- №183 15052007 жылдан ЭжМРМ бұйрығымен қабылданған «Электр энергиячының коммерциялы есебінің автомаииандырылған жүйесін құру бағдарламасы»;

- ҚР – ның электр қонырғыларын құру және басқа нормативті құжаттар ережелерімен;

- ЭББАЖ қажеттіліктерін анықтағанда, оның масштабтау және жаңарту мүмкіндіктерін ескеру қажет;

ЭББАЖ құрылысын иерархиялы құрылымы кәсіпорынның бар болған құрылымы және оның электр энергия нарығында қарым – қатынасына сәйкес келуі керек.

ЭББАЖ ұйымдастыруында бекітілмеген рұқсаттан жүйені қорғау шешімі қарастырылады. Техникалық құралдарға, сондай-ақ ақпаратты – бағдарламалы қамтамасыз етуге барлық техникакалық құралдардың жұмыс синхронизациясы және олардың ортақ уақыт жүйесіне қосу қамтамасыз етіледі.

Тарату жүйесінің ұйымдастыру сұрақтары, сондай-ақ SCADA мен ЭББАЖ берілгендерінің негізгі және резервті трактілерінің қажеттілігі мен ұйымдастырылуы комплексті түрде шешілуі керек.

12.4 Қайта құруға жұмсалатын қаражатты есептеу

Коммерциялық диспетчерлеуге қойылатын талаптар:

-коммерциялық есептеу санағыштарын орнату;

-коммерциялық ақпараттарды жинау, сақтау, жіберу жүйелерін ұйымдастыру (АСКУЭ);

– АСКУЭ, ОДЦ, АПК, техникалық оператордың ДП, техникалық оператордың мәліметтер базасы бойынша нарық операторының ДП жүйесіне ақпараттарды жіберу каналын ұйымдастыру.

Көрсеткіштер құны ағымдағы бағаға ауыстырылған базалық көрсеткіштер бойынша анықталған. Доллар курсы 120 теңге деп аламыз.

12.1 кесте – Құндық көрсеткіштер (мың. дол. АҚШ)

Аталуы	Бірлік құн	Қаржы салу I этап			Қаржы салу II этап		
		Саны	Барлығы	Сонымен бірге ҚМЖ	Саны	Барлығы	Сонымен бірге ҚМЖ
ҚС бойынша шығындар							
110/35/6 кВ ҚС							
1.Трансформатор 110/35/6 кВ, қуаты 2х40 МВА	470	2	940	60			
2. 110кВ АТҚ-ның элегазды ажыратқышпен жаб-н ұяшығы	300	2	600	180	1	300	90
3. 35кВ АТҚ-ның элегазды ажыратқышпен жаб-н ұяшығы	30	12	360	140	3	90	40
4.Шығынның тұрақты бөлігі			2200	280			
ҚС №24 бойынша барлығы			4100	660		390	130
РҚжА кеткен шығындары							
1.Релелік қорғаныс және екі ажыратқышпен басқару шкафы (ӘЖ 110 кВ ҚС №24)	105	1	105	35			
2. Релелік қорғаныс және екі ажыратқышпен басқару шкафы (ӘЖ 110 кВ Топливная ҚС – ҚС №24) №24 ҚС-ға	105				1	105	35
3. Релелік қорғаныс және екі ажыратқышпен басқару шкафы (ӘЖ 110 кВ)	105				1	105	35
4. Релелік қорғаныс және ажыратқышпен басқару шкафы (ӘЖ 110 кВ ҚС№24-Топливная) Топливная ҚС-на	100				1	100	35
РҚжА кеткен барлық шығындары			105	35		310	105
СДТУ-ға кеткен шығындар							
1. ӘЖ 110 кВ жоғарғы жиілікті өңдеу	12	4	48	16	2	24	8
2. Жоғарғы жиілікті заградитель	9	1	9	3			

12.1 кестенің жалғасы

3. Дауыс каналдары үшін жоғарғы жиілікті байланыс аппараты	30	4	120	40			
4. Дауыс каналдары және релелік қорғаныс үшін жоғарғы жиілікті аппарат	60				2	120	40
13. АСКУЭ (сервер)	90	1	90	30	1	45	15
14. PLC (АСКУЭ) бақылаушы	12	1	12	4	1	9	3
15.Электрлік шамалардың өлшегіш түлендіргіштері	0,5	17	8,5	3,5	3	1,5	0,5
16. "Альфа Плюс" типті электронды санағыштар	1,5	13	19,5	6,5	2	3	1
17. Телемеханика панелі	2,2	3	6,5	2	1	2,2	0,5
15Кепілденген электр қоректендіру аппаратурасы	8	2	16	5			
19.Түйістіргіш кабелдер	0,9	0,2	0,2	Од	0,1	0,1	
20.Аппаратураны электрмен қоректендіретін кабелдер	1,2	0,2	0,2		од	од	
СДТУ-ға кететін барлық шығындар			770	256		270	90
V. Кейбір ескерілмеген шығындар, %			1700	600		2440	1320
Барлық шығындар (дөңгелектеніп алынған)			7360	1780		3760	1740

12.5 Инвестицияның экономикалық тиімділігін бағалау

12.5.1 Қосалқы станциядағы асқын жүктелген күш трансформаторларын ауыстыру шараларын жүргізу кезіндегі экономикалық тиімділікті есептеу

Есептеу жұмыстарын жүргізу кезінде үш орамды трансформаторлардың каталогтарында қысқа тұйықталу шығындары көрсетіледі. Жоғарғы кернеу орамы 100%-дан артпайтын және орта кернеу мен төменгі кернеу орамдарындағы жүктеме жоғарғы кернеу орамындағы жүктемеден аспайтын кезкелген үш орамдық режим кезінде нақты $P_к$ шығыны каталогтық $P_к$ мәнінен аспайды.

Қосалқы станциядағы асқын жүктелген күш трансформаторларын ауыстыру:

$$S_1 = 25000\text{кВА},\ P_{x1} = 36\text{кВт},\ P_{k1} = 145\text{кВт}.$$

Мына трансформаторларға ауыстырамыз

$$S_2 = 40000\text{кВА},\ P_{x2} = 50\text{кВт},\ P_{k2} = 230\text{кВт}.$$

Асқын жүктелген күш трансформаторларын ауыстыру нәтижесінде жүктемелік шығын төмендейді

$$\delta W_К = (P_{К1} - К_{ВТ}^2 P_{К2}) К_З^2 \tau К_П, \qquad (12.1)$$

мұнда $К_{ВТ} = \frac{S_1}{S_2}$ – номиналды қуаттар қатынасы

$К_З$ – трансформатордың жүктелу коэффициенті

Жүктемелік шығын төмендейді

$$\delta W_К = (145 - \frac{25000^2}{40000} \cdot 230) \cdot 1{,}85^2 \cdot 3000 \cdot К_П = (145 - 0{,}625^2 \cdot 230) \cdot 1{,}85^2 \cdot$$
$$\cdot 3000 \cdot 1 = 55{,}156 \cdot 3000 = 562891{,}73 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

Және бос жүріс шығындары өседі

$$\delta W_х = (P_{хе+1} - P_{хе}) \cdot Т, \text{ кВт} \cdot \text{сагат} \qquad (12.2)$$

$$\delta W_х = (50 - 36) \cdot 8760 = 122640 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

Электроэнергиясының шығындардың суммарлы төмендеуі:

$$\delta W = (\delta W_k - \delta W_х), \text{ кВт} \cdot \text{сагат}, \qquad (12.3)$$

$$\delta W = 562891 - 122640 = 440251 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

Біз екі трансформаторды ауыстырғандықтан екі еселейміз. Осы шыққан мән асқын жүктелген күш трансформаторларын ауыстыру кезінде шығынның қаншалыққа төмендегенін көрсетеді

$$\delta W^{/} = \delta W \cdot 2 = 440251 \cdot 2 = 880502 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

Ендігі кезекте қайта құруға дейінгі кездегі трансформаторлар арқылы өтетін электроэнергиясы туралы есептеулер жүргіземіз. Бізге белгілі қайта құруға дейінгі кезде қосалқы станциядағы трансформатордың қуаты 25000 кВА болды. Қайта құруға дейінгі кездегі трансформаторлар арқылы өтетін электроэнергиясы:

$$W_1 = P_1 \cdot k_З \cdot \tau. \text{кВт} \cdot \text{сагат} \qquad (12.4)$$

мұнда P_1 – қайта құруға дейінгі кездегі трансформатордың активтік қуаты;

k_3 – трансформатордың жүктелу коэффициенті ($k_3 = 0{,}8$);

τ – бір жыл ішіндегі сағат саны ($\tau = 8760$ сағат).

Қосалқы станцияда екі трансформатор орнатылгандықтан қуат екі еселенеді.

$$P_1 = 2 \cdot (S_1 \cdot \cos\varphi), \text{ кВт} \qquad (12.5)$$

$$P_1 = 2 \cdot (25000 \cdot 0{,}85) = 42500 \text{ кВт.}$$

$$W_1 = P_1 \cdot k_3 \cdot \tau, \text{ кВт} \cdot \text{сагат} \qquad (12.6)$$

$$W_1 = 42500 \cdot 0{,}8 \cdot 8760 = 297840000 \text{ кВт} \cdot \text{сагат.}$$

Келесе кезекте қайта құрудан кейінгі кездегі трансформаторлар арқылы өтетін электроэнергиясы туралы есептеулер жүргіземіз. Бізге белгілі қайта құрудан кейінгі кезде қосалқы станциядағы трансформатордың қуаты 40000 кВА болды. Қайта құрудан кейінгі кездегі трансформаторлар арқылы өтетін электроэнергиясы:

$$W_2 = P_2 \cdot k_3 \cdot \tau \quad \text{кВт} \cdot \text{сагат} \qquad (12.7)$$

мұнда P_2 – қайта құрудан кейінгі кездегі трансформатордың активтік қуаты;

k_3 – трансформатордың жүктелу коэффициенті ($k_3 = 0{,}8$);

τ – бір жыл ішіндегі сағат саны ($\tau = 8760$ *сағат*).

Қосалқы станцияда екі трансформатор орнатылгандықтан қуат екі еселенеді.

$$P_2 = 2 \cdot (S_2 \cdot \cos\varphi) = 2 \cdot (40000 \cdot 0{,}85) = 68000 \text{ кВт,}$$

$$W_2 = P_2 \cdot k_3 \cdot \tau = 68000 \cdot 0{,}8 \cdot 8760 = 476544000 \text{ кВт} \cdot \text{сагат.}$$

Қайта құрудан кейінгі кездегі трансформаторлар арқылы өтетін электроэнергиясының суммарлы артуы.

$$W_3 = W_2 - W_1, \text{ кВт} \cdot \text{сагат} \qquad (12.8)$$

$$W_З = 476544000 - 297840000 = 178704000 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

Ал енді тұтынушыларға кететін таза электроэнергиясы. Ол үшін біз күш трансформаторлар арқылы өтетін суммарлы электроэнергиясынан сол жүктелген күш трансформаторларын ауыстыру кезінде шығындарды алып тастаймыз.

$$W_{\text{Таза}} = W_З - \delta W' = 178704000 - 880502 = 177823498 \text{ кВт} \cdot \text{сагат}.$$

12.2 кесте - Болашақта күтілетін жүктеме

Аталуы	2008	2010	2015	2020
	Санау басталды			
Қажеттілік				
Максималды жүктеме, кВт	450	593	680	725
№24 ҚС үлесінде, кВт	2,48	72	108	108

12.5.2 Инвестицияның экономикалық тиімдігін есептеудің негізгі әдістері

Инвестицияның қаржылық-экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері мен критерийлері ретінде қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі, таза келтірілген (дисконтталған) құн (ТДҚ), ішкі табыс нормасы, дисконталған өтелу мерзімі, инвестицияның рентабелділік индексі қолданылады.

Осы әртүрлі әдістерді қолданған кезде бір-біріне қайшы нәтижелерді алынуы мүмкін, сондықтан инвестицияны бағалау әдістерін кешенді салыстыра отырып жобаның қайсысы тиімдірек екені таңдалады.

1) Қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі - таза пайданы салынған инвестицияны қанша уақыттан кейін қайтара алатын көрсетеді, содан кейін таза пайданың өз игілігіне істейтінін білдреді.

$$T_{\text{отелу}} = \frac{I}{П_{\text{жоба}}} \qquad (12.9)$$

мұнда I – капитал салымдары (инвестиция), $I = 1756800000$ тенге ;

$П_{\text{жоба}}$ – жобаны енгізу нәтижесінде алынатын жылдық пайда.

Жобаны енгізу нәтижесінде алынатын жылдық пайда:

$$П_{жоба} = W_{Таза} \cdot Т, \text{ тенге} \qquad (12.10)$$

мұнда $Т-$ тарифтік баға, тг/кВт.сагат. Менің дипломдық жобамда 1 кВт.сагат электроэнергиясы 4 теңгені құрайды, яғни $T = 4\ тг/кВт \cdot сагат.$

$$П_{жоба} = 177823498 \cdot 4 = 711293992 \text{ тенге}.$$

$$Т_{отелу} = \frac{1756800000}{711293992} = 2{,}46 \approx 2{,}5 \text{ жыл}$$

2) Таза келтірілген (дисконтталған) құн (ТДҚ) - Net present value (NPV). Болашақтағы жоспарланып отырған таза пайданы дисконттап оны салынатын инветициядан алған кезде алынатын экономикалық тиімділік NPV>0 болу керек. Бұл салынатын ивестицияның тиімді екенін білдіреді.

$$NPV = -I_О + \sum_{t=0}^{n} \frac{CF_t}{(1+i)^t} \qquad (12.11)$$

мұнда I_0 – инвестиция;

CF_t – (Cash flow) жылдық ақша ағымы (жылдық табыс- жылдық шығындар) және оны төмендегідей беруге болады:

$$CF_t = П_t + Ш_t \qquad (12.12)$$

мұнда $П_t; Ш_t$ – инвестициялық жобаның t- мерзіміндегі пайда мен жылдық шығындар $П_{жоба} = 711293992$ тенге.;

i – банктік пайдық мөлшерлеме $i = 18\%$;

n – жылдар саны $n = 10 жыл$.

Инвестиция салуда, егер

$NPV > 0$ болса тиімді;

$NPV < 0$ болса тиімсіз;

$NPV = 0$ кезде инветсициядан пайда не шығыны да болмайтынын көрсетеді.

Егер бірнеше жобаларды (нұсқаларды) қарастырған кезде қайысының таза дисконтталған құны жоғары болса $NPV > 0$ сол нұсқаны таңдау керек.

$$NPV = 2151110573 \text{ тенге}$$

3) Ретабелділік индексі - profitability index (PI) – таза дисконтталған пайданы инвестицияға бөлу арқыл анықталады:

$$PI = \sum_{t=1}^{n} \frac{CF_t}{(1+i)^t} / I_0 \qquad (12.13)$$

$$PI = 2{,}224$$

Егер:

$PI > 1$, онда жобаны қабылдау керек;

$PI < 1$, ондак қабылдаудың қажеті жоқ;

$PI = 1$, жоба пайда да және шында әкелмейді.

Рентабелділік индексі таза дисконтталған құннан айырмашылығы салыстырмалы көрсеткіш болы саналады. Жобаларды таңдауда, егер олардың NPV бірдей болған кезде PI қарап таңдауға болады.

Жобаланып отырған энергетикалық нысанды техника-экономикалық көрсеткіштермен сипаттауға болады.

12.3 кесте – Техника-экономикалық көрсеткіштер

Орнатылған қуат	68000 кВт
Максималды қуатты пайдалану уақыт саны	7008 сағат
Электр энергиясын өндіру немесе тасымалдау көлемі	177823498 кВт.сағ
Электр энергиясының жылдық шығыны	880502 кВт.сағ
Қосынды қаржы салымдары(инвестиция)	1756800000 теңге
Электр энегиясын тасмалдаудық өзіндік құны	711293992 теңге
Өтелу мерзімі	2,5 жыл
Жалпы рентабелділігі	2,224
Таза дисконтталған құн	2151110573 теңге

Нысанның қаржылық көрсеткіштері арқылы алынған есептік мәліметтер бойынша негізгі қорытынды жасауға болады. Яғни бұл қайта құру тиімді жоба деп саналады.

Қорытынды

Дипломдық жобада Алматы облысы, «Жаңа Тұрмыс» ықшам ауданын электрмен жабдықтау есебі жүргізілген. Сыртқы жарықтандыру тораптарына есептеу орындалды. Күштік трансформаторлы қосалқы станцияға таңдау жүргізілді.

Сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасы есептелді және таңдалды, сонымен қатар 0,4 кВ тарату құрылғыларына есептеу жүргізілді және кабель желілерінің қорғанысы үшін электрлік аппараттарға тексеру жүргізілді.

Экономикалық бөлімде сыртқы электемен жабдықта сұлбасының екі нұсқасына, сонымен қатар трансформаторлар саны мен қуаты әр түрлі трансформаторлы қосалқы станцияға салыстыру жүргізілді.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде жасанды жерлендіруге есептеу жүргізіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Методические указания к выполнению курсового проекта по дисциплине «Электроснабжение сельского хозяйства», - Мн., 1985.

2. Методические указания по расчету электрических нагрузок в сетях 0.38 … 10кВ сельскохозяйственного назначения, - Мн., 1984.

3. Будзко И.А., Зуль Н.М. «Электроснабжение сельского хозяйства», - М.: Агропромиздат, 1984.

4. Нормы технологического проектирования (НТП – 85).

5. Каганов Т.П. «Курсовое и дипломное проектирование», - М: Колос, 1980.

6. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. «Электрическая часть электростанций и подстанций», - М.: Энергоатомиздат, 1989.

7. Справочник по строительству электрических сетей 0.38 – 35кВ. - М.: Энергоиздат, 1982.

8. Справочник по проектированию электрических сетей в сельской местности. - М.: Энергия, 1990.